



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 14 (865) 10 сәуір 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan\_zhuldizi    https://vk.com/Magzhan\_zhuldizi    e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

С МАРПАТ

## ТУҒАН ЖЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ - ЖАҚСЫЛАРҒА ЖАРАСАР

Кездесуді аудан әкімі Рахат Смағұлов ашып, жүргізіп отырды. Аудан басшысы өз сөзінде Иван Фиксельдің облыстың және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесін, өз ісіне деген адалдығын және ауылдастарына деген қамқорлығын жоғары атап өтті.

Иван Антонович 1962 жылы Возвышенка ауылында дүниеге келген, білімі - жоғары, 1984 жылы С.М. Киров атындағы Омбы ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын «Возвышенский» кеңшарының бас энергетигі болып бастаған. 1985 жылдың маусым айында «Булаевский» совхозына бас инженер болып ауыстырылды, ал 1987 жылдың қазан айында «Булаевский» совхозының директоры болып тағайындалып, 1993 жылға дейін қызмет етті.

Кеңшар директоры болып тағайындалған Иван Фиксель сол кезде ең жас басшылардың бірі болды. Құрметті мағжандықтар, Сіздердің назарларыңызға туған күн иесінің архивтік бейнежазбасын ұсынамыз, - деді Рахат Назымбекұлы.

1993 жылы Иван Фиксель Возвышенка ауылына қайтып оралып, туған жерінде жаңа кезеңді бастады. Иван Антонович «Фиксель И.А.» ЖК ашудан бастап, кейінірек 2010 жылы Возвышенка ауылдық округінің шаруа қожалықтарының жерлерінен ол «Север Жасыл Жер» ЖШС ұйымдастырып, директор қызметін атқаруда.

Бүгінгі таңда Иван Антонович нан пісірумен айналысады, мал соя пунктін, тұшпара цехы бар, онда еттен жасалған жартылай фабрикаттары дайындалады, сондай-ақ шаруашылықта қара бидай ұнын өндіретін диірмен жұмыс істейді.

Иван Антонович үнемі туған ауылына қамқорлық жасап, қаржылық көмек көрсетіп отыратын жаны жоғары жан. Мәселен, ол «Бәбек» балабақшасы мен мектепке тұрақты негізде қаржылық



Өткен аптада туған жерінің жанашыры, меценат, «Север Жасыл Жер» ЖШС директоры Иван Антонович Фиксель 63 жасқа толып, құрметті зейнетке шықты. Осыған орай, аудан әкімдігінде салтанатты шара өтіп, оған аудан активі, ардагерлер, жергілікті және аумақтық мемлекеттік орган басшылары мен шаруашылық директорлары қатысты.

көмек көрсетіп тұрады. Ол балабақша бойынша гимаратты реконструкциялауға сараптамамен ЖСҚ дайындауды қаржыландырып, қазір мектептің акт залын жөндеуге атсалысуда.

Сонымен бірге, ол спорттық жарыстарды өткізу кезінде ауылдық округтің командаларына қолдау көрсетіп, спорттық форманы сатып алуға жәрдемдеседі. Стадионды жөндеуге, қысқы кезеңде жолдарды күтіп ұстауға, жолдарды жөндеуге өз үлесін қосып келеді.

Иван Антонович ауылдағы Магжан Жұмбаев көшесін толығымен асфальттап, ауылдың су тарту желісін жөндеуге ЖСҚ өзірлеп, 2019 жылдан бастап және қазіргі уақытта су тарту желісіне қызмет көрсетуді өз қаражаты есебінен жүзеге асыруда.

Беделді басшы ауыл қарияларын, халықтың әлеуметтік топтарын да назардан тыс қалдырмай, үнемі қамқорлық танытып келеді және мал азығын тегін таратады.

- Ауыл шаруашылығын дамытудағы сіңірген еңбегі және жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл» мерейтойлық медалімен, аудан басшылығының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сондай-ақ, Иван Фиксель үлкен қоғамдық жұмыстар жүргізеді, сонымен қатар, ол 6-шы шақырылымдағы облыстық мәслихаттың депутаты болды. Сізге шын жүректен зор денсаулық, мол бақыт, барлық бастамаларыңызға сәттілік, Отанымыздың игілігі үшін жаңа идеялар мен шығармашылық жобаларды табысты іске асыруды тілеймін, - деді Рахат Смағұлов.

Содан кейін туған иесіне көп жылғы адал еңбегі, жоғары кәсібилігі мен адалдығы үшін Фиксель Иван Антонович ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сейпілулы Сапаровтың атынан «Еңбек ардагері» медалімен және облыстың агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін және құрметті демалысқа шығуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Фауез Торсанұлы Нұрмұхамбетовтің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, «Үлгілі» ЖШС директоры Данияр Қуатбеков, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, аудандық аурухананың бас директоры Гүлбану Сағындықова және басқа да жандар кезек-кезек сөз алып, туған күн иесінің адамгершілік, жанашырлық және туған жеріне деген сүйіспеншілік қасиеттерін тізіп, оған ізгі тілектерін арнады.

Өз кезегінде Иван Фиксель салтанатты шара ұйымдастырып, сый-сияпат жасаған аудан әкімі Рахат Смағұловқа, ақ тілектерін арнаған аудан активі мен әріптестеріне ризашылығын білдіріп, шынайы алғысын жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

### САУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ, АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕМЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ӨКІЛДЕРІНЕ, БАРЛЫҚ МЕНШІК НЫСАНДАРЫНА, АУДАН ЖӘНЕ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІНЕ ҮНДЕУІ!

## 19 СӘУІР - ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНБІЛІГІ

### Құрметті халайық!

9 мамыр күні біздің еліміз және бүкіл бейбітшілік сүйгіш әлем белгісіз жауынгерлердің мемориалдары мен обелисктеріне, ескерткіштері мен қабірлеріне әскери құрмет көрсетіп, елі үшін жанын пидә еткендерге деген шексіз сүйіспеншілігіміздің және сол сұрапыл соғыс батырларының ерліктерін еске алудың символы ретінде гүл шоқтарын қою үшін келеді.

Ауданның аға буыны мемориалдар мен стеллаларды тазалау және жөндеу бойынша қайырымдылық сенбіліктерін өткізу, біздің ауылдарымыз бен аудан орталығын естелік күнге орай ретке келтіру шешімін шексіз ризашылықпен қабылдады, осылайша біз Ұлы Жеңістің 80-жылдығын ерекше қарсы аламыз.

Ұйымдастыру комитеті сенбілікке белсенді қатысуға және өз еңбектерімен және іс-әрекеттерімен әрдайым

жастар үшін үлгі-өнеге болған аға буын өкілдеріне үлкен үміт артады.

Сіз қызметкердің бір күндік жалақысының мүмкін болған пайызын қайырымдылық шотына немесе аудандық ардагерлер кеңесіне қолма-қол ақшамен аударасыз.

Меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар мен мекемелерді, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен кәсіпкерлерді жеріміздегі бейбітшілік үшін игі мақсаттарды орындауға қолдан келгенше көмек көрсетуге шақырамыз.

Аударуға арналған деректемелер: Бенефициар: М. Жұмбаев атындағы республикалық қоғамның аудандық филиалы, КБе: 18, БСН: 070741013351, Бенефициар банкі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, ЖСҚ: KZ 186 010 251 000 041 714, БСК: HSBKZKX.

Ұйымдастыру комитеті.

### ЕГІС - 2025

## ПОЛУДИНДІК ДИҚАНДАР КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫН



Күн жылынып, жер жібіген соң, аудан диқандары көктемгі егіс жұмыстарына кіріспек. Ал қазір агроқұрылымдар ауыл шаруашылығы техникаларын сақдай сайлап, дән себу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауда. Оған Үкімет те үлкен көңіл бөліп, барлық қолалы жаздай жасап отыр. Мәселен, Мемлекет басшысының 2025 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ерте қаржыландыру жөніндегі тапсырмасына сөйкес жеңілдетілген кредит беруге өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 29 қарашада басталды. Бұл шаралар фермерлерге барлық қажетті шараларды сапалы өткізуге, тұқымдар, тыңайтқыштар сатып алуға және техниканы дайындауға мүмкіндік беру үшін қабылданды.

Жалғасы 2-бетте.

ЕГІС - 2025

## ПОЛУДИНДІК ДИҚАНДАР ҚӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫН

**Жалғасы, басы 1-бетте.**

Жалпы, көктемгі дала жұмыстарына 700 млрд теңге бағытталды, оның 560 млрд теңгесі нарықтық капитал көздерінен тартылды. Үкіметпен қабылданған шаралар нәтижесінде аграршылар барынша қолайлы жағдайларда қаржылық қолдау алып отыр.

Атап айтқанда, қарыздарды рәсімдеу үшін де, оларды кейіннен өтеу үшін де жүгінуге болатын қаржы институттарының саны ұлғайған. Қаржыландыру екінші деңгейдегі банктер, кредиттік серіктестіктер, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және Аграрлық несиесі корпорациясы арқылы қолжетімді болады. Кепілмен қамтамасыз етудің жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қарыз сомасының 85% кепілдендіруді жоспарлап отыр.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, көктемгі дала жұмыстарына барлық дерлік шаруашылықтар 100 пайыз дайын. Сондай іргелі серіктестіктердің бірі – «Полудинское» ЖШС.

Полудин ауылдық округінде орналасқан бұл серіктестік өсімдік шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығымен айналысып келе жатқан ірі агроқұрылым. Биыл олар 14 500 га алқапқа дән егуді жоспарлап отыр, соның ішінде 13 мың га – дәнді дақылдар болса, 1,5 мың га – мал азығы егіліп, қалғаны парларға қалдырылмақ.

Көктемгі дала жұмыстарына біздің шаруашылық 100 пайыз дайын. Техника сақадай сай тұр. Тек ауа райы қолайлы болған соң, астық тұқымын далаға шығарып, жылытып, химиялық өңдеуді жасаймыз. Биыл «Каликсо», «Любава» және «Семёновна» элиталық бидай тұқымдарын сатып алып, алқаптарға егуді жоспарлап отырмыз. Осылайша, серіктестік минералдық тыңайтқыштармен, жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілді, - дейді шаруашылық басқарушы Руслан Черпанов. «Полудинское» ЖШС жыл сайын ауыл шаруашылық техникалары мен құрал-жабдықтарын жаңартуды жолға қойған серіктестік. Өйткені жоғары өнімді техника тиісінше, сапалы әрі мол өнім алуға сеп болатын мерзімде егін егуге, минералды тыңайтқыштар себуге, химиялық өңдеуге мүмкіндік беретіні анық.

Шаруашылықтың бас инженері Әскербек Нұрғалиевтің айтуынша, көктемгі дала жұмыстарына 30 шақты техника мен 30 адам жұмылдырылмақ.

Дайындық жұмыстарын біз ақпан айында бастап кеткенбіз. Қазір барлық техника мен саймандар толық дайын. Серіктестік заманауи техникамен жұмыс істеуді жолға қойған. Сондықтан дән егуге 6 бірлік – К-742, 1 бірлік – Буллер, 7 бірлік – К-700 тракторларымен бірге «Партнер» және «Иртыш» егін егу кешендері шығады.

Бүгінгі таңда тұқым себуге 15 бірлік – «СЗС 2.1» атты сепкіш, ылғалды жабу үшін 13 бірлік – «Заря» атты тісті тырма, 5 бірлік топырақ тығыздайтын құрылғылар жұмыс істеуге дайын. Сонымен қатар, жүгері, күнбағыс, асбұршақ егетін 2 бірлік тұқым сепкіш, 6 бірлік – «РМГ» минералды тыңайтқыш сепкіш пайдаланылатын болады.

Егістік алқаптарға тұқым тасымалдау үшін 3 бірлік КамАЗ келігі және астық түсіру ирмектері бар ПТС-6 тіркеме тіркеген тракторлар атсалысады.

Сондай-ақ көктемгі егін егу жұмыстары кезінде жөндеуші, реттеуші, дәнекерлеуші сияқты білікті мамандардан тұратын инженерлік қызмет жұмыс істейтін болады, - дейді Әскер Ақжайықұлы.

Көктемгі қарбалас шақтың тым жақын қалғанын диқандардың бүгінгісіне қарап аңғаруға болады. Еңдеше, мағжандық диқандар үшін дәнді дақылдар егу жұмыстарының уақытылы әрі сапалы өтуін тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

## 2,2 ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАЛЫП, ПОЛИГОНҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

*Өткен сенбі күні «Таза Қазақстан» республикалық тұрғындар арасында ауданның елді мекендерінде дәстүрлі сенбілік ұйымдастырылып, іс-шараға кең ауқымда өтті. Ауданның барлық мекемелері мен ұйымдарының 414 қызметкері қатысты.*

Сенбілік барысында Булаев қаласына кіреберісінде құрғақ шөпті бақылап күйдіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ мекемелер мен ұйымдардың ұжымдары бекітілген көшелерде абаттандыру жұмыстарын өткізіп, қоқыс жинады.

Аудан бойынша 370 баған мен ағаш ақталып, ретке келтірілді. Сонымен бірге, 2,2 тонна қоқыс жиналып, полигонға шығарылды. Сондай-ақ ескі ағаштарды кесу мен тозаңы жеткен ғимараттарды бұзу сияқты жұмыстар атқарылды.

Мұндай сенбіліктер тұрақты негізде өткізілетін болады. Өйткені бұл іс-шаралар елді мекендерді абаттандыруға, ауылдарымызды көркейтуге бағытталып отыр.

Осыған орай, аудан әкімдігі барша мағжандықтарды тазалық іс-шараларына белсене қатысып, туған жерін гүлдендіруге өз үлесін қосуға шақырады.

Тек бірге атсалыса отырып, біз өз қаламыз бен ауданымызды көркейте аламыз!

**Арман ӘДЛОВ,**  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,  
жол ауыштық және автомобиль  
жолдары бөлімінің бас маманы.



# ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары қызметкердің құқықтары мен оның міндеттерінің болуы меншейді. Қызметкердің негізгі құқықтары мен міндеттері ҚР Еңбек кодексінің 22 бабында көрсетілген. Алдымен, еңбек қатынастарының субъектілері ретінде қызметкердің еңбек міндеттері мен құқықтарын қарастырып алайық.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - ҚР ЕК) сәйкес еңбек қатынастары дегеніміз - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде туындайтын қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қатынастар.

ҚР еңбек заңнамасында көрсетілгендей, еңбекпен тікелей байланысты қатынастар - еңбекті ұйымдастыру және басқару, жұмысқа орналастыру, кәсіптік даярлау, қайта даярлау және арттыру бойынша қалыптасатын қатынастар, сондай-ақ, жұмыскерлердің кәсіби біліктілігін, әлеуметтік өріпестікті тану, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасау, жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) ҚР ЕК-де көзделген жағдайларда еңбек жағдайларын белгілеуге қатысу, еңбек дауларын шешу және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау болып табылады.

Өркімнің еңбекті еркін таңдауға немесе оған қандай да бір кемсітушілік пен мәжбүрлеуісз еркін түрде еңбекке келісуге құқығы бар, өзінің еңбек ету қабілетіне билік етуге, кәсіби мен қызмет түрін таңдауға құқығы бар.

ҚР Еңбек кодексінің 22 бабының 1 тармағына сәйкес қызметкер:

1) осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға;

2) жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарттардың, келісімдердің, еңбек беруші актілерінің талаптарын орындауды талап етуге;

3) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;

4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және анық ақпарат алуға;

5) еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес уақыты және толық көлемде жалақы төленуіне құқылы;

ҚР Еңбек кодексінің 22 бабы 2 тармағына сәйкес қызметкер міндетті:

1) еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;

2) еңбек тәртібін сақтауға;

3) жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;

4) жұмыс берушінің және жұмыскерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүлкінің

сақталуына қауіп төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға;

6) еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге;

7) келтірілген нұсқанды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтеуге міндетті.

Қызметкердің еңбек міндеттері туралы мәселе ішкі еңбек тәртібі ережелерінде, еңбек шартында толық шешіледі, онда жұмыс уақыты режимі, белгілі бір ұйым қызметінің ерекшелігімен белгіленген белгілі бір ережелерді сақтау жағдайында еңбек функциясының орындалуы анықталады.

Еңбек міндеттерін орындағаны үшін қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Басқа қызметкерге келтірілген залалды өтеу тәртібі ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Еңбек кодексінің 22 бабы 1 тармағында қызметкердің негізгі құқықтары айқындалған. Негізгілерінің қатарына ҚР Еңбек кодексінде көзделген



тәртіппен және шарттарда еңбек шартын жасау, өзгерту, толықтыру және бұзу құқығы жатады.

Еңбек шарты - бұл еңбек қатынастарының пайда болуының негізі, оған сәйкес қызметкердің жалақыға, демалысқа және т. б. сияқты құқықтары жүзеге асырылады.

ҚР Конституциясымен бекітілген Еңбек бостандығы (24 бап) қызметкердің ҚР еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылатын еңбек шартын жасау ғана емес, өзгерту, толықтыру, тоқтату және бұзу құқығын айқындайды.

**А.М. ВАЛЕЕВ**  
**ҚР ЕХҚМ**  
Мемлекеттік еңбек инспекциясы Комитетінің  
СҚО бойынша департаментінің  
мемлекеттік еңбек инспекторы.

С МАМАН КЕҢЕСІ

## ӨНДІРІСТЕГІ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

*Еңбекті қорғау (одан әрі - ЕҚ) және қауіпсіздік техникасы - бұл қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде олардың денсаулығы мен өмірін қорғаудың кешенді шаралары. Бұл шаралар өндірістік жарақаттар мен кәсіби сипаттағы аурулардың алдын алуға, сондай-ақ жабдықтың, құралдармен, механизмдермен өзара іс-қимыл жасау кезінде қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған.*



Еңбекті қорғау негізгі міндеттері - жұмысшылар үшін тәуекелдер барынша азайтылатын және еңбек жағдайлары белгіленген стандарттарға сәйкес келетін жұмыс ортасын құру.

Еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жарақаттанудың алдын алу, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың туындау қаупін азайту мақсатын көздейді. Әр кәсіпорындарда мақсаттарға жету үшін арнайы еңбекті қорғау қызметтері құрылады, сондай-ақ жауапты тұлғалар тағайындалады. Олар қауіпсіздікті сақтауын бақылайды, тұрақты нұсқаулар береді, қызметкерлерді оқытады, қауіпті факторларды азайту шараларын әзірлейді және тексеруші органдармен өзара әрекеттеседі.

ЕҚ қызмет қызметкерлері міндетті қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудегі күш-жігерді үйлестіру үшін жұмыс берушілермен, еңбек инспекцияларымен және кәсіподақтармен үнемі байланыса бөлу қажет. Олардың міндеті міндетті нұсқаулар беруді ғана емес, сонымен қатар жабдықтың техникалық жағдайын

тексеруді қамтиды, жұмыс орындарының жай-күйін мониторингілеу, өндірістік жағдайларды талдау және ықтимал тәуекелдерді анықтау.

Қауіпсіздік техникасы - кәсіпорындардағы өндірістік жарақаттануды болдырмау әдісі.

Қауіпсіздік техникасы - кәсіпорындарда өндірістік жарақаттанудың алдын алудың негізгі құралы. Бұл қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық шаралар кешені. Мұндай іс-шаралар жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалардың ықтималдығын азайтуға немесе толығымен жоюға көмектеседі.

Кәсіпорындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар өткізіледі:

- Жабдықты тексеру. Жұмыс істейтін жабдықтың, машиналардың, станоктар мен қорғаныс құрылғыларының жарамдылығы үнемі бағаланады. Жабдықтың тиісті техникалық жағдайы қауіпсіздік кепілі болып табылады.

- Еңбек жағдайларын оңтайландыру. Өндірістігі жұмыс үй-жайы қауіпсіздікті ескере отырып жабдықталады.

- жақсы көру үшін сапалы жарықтандыру қамтамасыз етіледі;

- зиянды булануды, шаң мен қалдықтарды

кетіру үшін тиімді желдету орнатылады;

- қолайлы еңбек жағдайларын жасау үшін температура режимі бақыланады;

- жұмыс аймақтары уақтылы өндірістік қалдықтардан тазартылады.

Нақты жабдықпен жұмыс істеу жөніндегі арнайы нұсқаулықтарды қоса алғанда, персоналдың инструкторды мен жабдығы. Сондай-ақ қызметкерлердің білімін тексеру ұйымдастырылады.

Ақпараттық қолдау. Кәсіпорындағы ЕҚ қызметкерлерді қауіпсіздік техникасын жазбаша нұсқаулармен қамтамасыз етуді қамтиды. Жұмыс орындары жарақаттанудың алдын алатын қауіпті аймақтар мен іс-қимылдарды бейнелейтін плакаттармен қосымша жабдықталады.

- Тәуекелдерді визуализациялау. Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру үшін көрнекі құралдар қолданылады (схемалар, суреттер) өндірістің ең қауіпті аймақтарына назар аударатындар жарақаттанудан қалай аулақ болу керектігін айтады.

Кәсіпорын қызметкерлеріне қауіпсіздік техникасының талаптары.

Міндеттерді қауіпсіз орындау үшін қызметкерлер келесі ережелерді сақтауы керек:

- Қызметкерлер арнайы киімдерді киюі қажет (қорғаныс шлемдері, куртқалар, шалбарлар, қолғаптар) және жарақаттанудың алдын алатын арнайы аяқ-киім.

- Бастамас бұрын қызметкер жұмыс орнын ұйымдастырып дайындауы керек: оны керексіз заттардан босату, жабдықтың жарамдылығын тексеру, қауіпсіз жұмыс істеу үшін жеткілікті жарық деңгейіне көз жеткізуі тиіс.

- Қызметкер жұмыс орнындағы еденнің қанағаттанарлық күйде екеніне көз жеткізуі керек; тыйғақ жер, сүрінуге болатын бөгде заттар болмауы керек.

- Жұмысшылар жұмыс операцияларын орындаудың қауіпсіз әдістерін сипаттайтын технологиялық карталар мен нұсқауларды қолдануы керек. Жұмыс істейтін жабдыққа жақын емес қашықтықты сақтау керек.

Кәсіпорындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы - бұл ең алдымен жұмыс берушінің және ұйымның тиісті қызметтерінің жауапкершілік аймағы.

**Күлсара ӘЛЖАНОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқармасының  
бас маманы.

С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

## ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

Республика аумағында температураның көтерілуімен орман-дала алқаптарының аумағында өрт қауіпті кезеңі басталды.

Осы уақытта құрғақ шөптің, қоқыстың жануына байланысты, ауылдық елді мекендерде, орман учаскелерінде және ауыл шаруашылығы алқаптарында өрт саны күрт өседі.

Өрттің басым бөлігі бақыланбайтын ауыл шаруашылығы алқаптарын жағу салдарынан болады, сондай-ақ орманда отпен ұқыпсыз жұмыс істеу салдарынан да өрт болады. Бұл бау-бақша учаскелерін жинаумен (қоқыс пен шөптерді өрттеу) және халықтың табиғатқа жаппай шығуымен де (от жағу, темекі шегу және т.б.) байланысты.

Табиғи өрттердің туындауын азайту мақсатында халыққа келесідей өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажет:

- Жанып жатқан сиріңкені, темекі шөгетін түтікшелерден ыстық күлді лақтыруға жол берілмейді;

- Қылқан жапырақты жас шыбықтарда, ескі жанарғыларда, бүлінген орман учаскелерінде (желден, дауыл құлатқан), ағаш кесу қалдықтары мен дайындалған сүрек болған ағаш ескіндерде, қараған шөптері бар жерлерде, сондай-ақ

ағаштардың тамыры астында от жағуға жол берілмейді;

- Шыны ыдыстарды өзіңізбен бірге алып кету керек, себебі күн сәулесі шыны арқылы өтіп, құрғақ шөптерді жағып, өрттеп жіберуі мүмкін;

- От (алау) жағу, ені 4 метрден аспайтын минералдандырылған жолақпен көмкерілген алаңдарда жүзеге асырылады. Қатты желде үлкен от жағуға болмайды. Отты қараусыз қалдырмаңыз. Кетер кезде алауды жермен мұқият себу керек немесе толық тоқтағанға дейін су құю керек;

- Орман алқаптарынан елді мекендерге оттың өтуіне жол бермеу үшін елді мекендердің аумағында жанғыш қоқыстарды жинап, құрғақ өсімдіктерден тазарту және минералдандырылған жолақтарды қалпына келтіру бойынша іс-шаралар өткізу қажет.

Табиғи өрттер пайда болған жағдайда өрт сөндіру қызметінің 101 немесе 112 телефонына дереу хабарласу қажет.

**Мағжан Жұмабаев ауданының**  
**төтенше жағдайлар бөлімі.**



ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

## «БАСТОМАР» ХОККЕЙ КОМАНДАСЫ - ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН СҚО ҚУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ



5-6 сәуір аралығында өңірдің ең мықты командаларын жинаған шайбалы хоккейден Солтүстік Қазақстан облысының дәстүрлі кубогы мәресіне жетті. Соңғы күні төрт команда бақ сынасып, жеңілді орындар үшін күресті.

Облыстық турнирдің қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының намысын қорғаған «Бастомар» командасы жеңімпаз атанды.

2-ші орынды - Қызылжар ауданының командасы иеленсе, 3-ші орынды - Петропавл қаласының «Легион» командасы ұтып алды. Ал Ф. Мүсірепов атындағы ауданның командасы төртінші орынға тұрақтады.

Мағжан Жұмабаев ауданының шайбалы хоккейден бас бапкері Виталий Александрович Калининко бастаған бастомарлық хоккейшілерді хоккей маусымын сәтті және жарқын жеңіспен аяқтауымен құттықтаймыз.

БАСКЕТБОЛ

## «АҚ БИДАЙ - 2025» ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗҒЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІНІҢ ФИНАЛЫНА ШЫҚТЫ

5-6 сәуір аралығында Булаев қаласында «Ақ бидай - 2025» облыстық жазғы спорт мерекесінің аясында баскетболдан аймақтық жарыстар болып өтті.

Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының спорт залында өткен жарысқа Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Уәлиханов және Тимирязев аудандарының командалары қатысып, екі күн бақ сынасты.

Жарыс нәтижесі бойынша біздің ауданның баскетбол құрама командасы - «Ақ бидай - 2025» облыстық жазғы спорт мерекесінің финалына шықты.

Аудан құрамасы барлық қарсыластарына қарсы кездесулер өткізіп, Уәлиханов ауданын 27-10 есебімен жеңсе, Мамлют ауданынан 61-32 есебімен басым түсті.

Ақтық сынға жолдама үшін мағжандық баскетболшылар Тимирязев ауданының спортшыларын 40-39 есебімен жеңіп, жолдама ұтып алды.

Аудан құрама командасын толағай жеңісімен құттықтап, алдағы облыстық жарыста жеңіс пен сәттілік тілейміз!



ВОЛЕЙБОЛ

## АУДАНЫҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ - АЙМАҚТЫҚ ЖАРЫСТА БАҒЫН СЫНАЙДЫ

5 сәуір күні Батыр Баян атындағы спорт кешенінде және Мағжан жұмабаев атындағы орта мектепте «Ақ бидай - 2025» аудандық жазғы спорт мерекесінің аясында волейболдан жарыс болып өтті.

Аудандық жарысқа 9 команда қатысып, тартысты әрі қызықты кездесулер өткізді.

Бір күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша Бастомар ауылдық округінің командасы жеңімпаз атанды. Ал Возвышендік қыздар 2-ші орынды иеленсе, Полудин ауылдық округінің волейболшылары 3-ші орынды мисе тұтты.

Аталған жарыстың қорытындысы бойынша ауданның құрама командасы жасақталып, алдағы уақытта олар аймақтық жарыста аудан намысын қорғамақ.

Волейболдан ауданның құрама командасына жеңіс пен сәттілік тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің  
басшысы.



# «ТУҒАН ЖЕР – БІРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ БЕСІГІ»



Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл, Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығы, Абай Құнанбаевтың 180 жылдығы, Сәбит Мұқановтың 125 жылдығы сияқты ел үшін маңызды мерейтойлық күндерге орай ұйымдастырылған облыстық байқау мағжандық көркемөнерпаздардың театрландырылған қойылымынан басталды.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет ретінде танылып, егемен мемлекетіміздің әлемдік үрдісте тарихи және саяси орнын айқындалып жатқан тұста ұлт зиялыларының қазақ халқының бостандығы мен еркіндігі жалында жұмсаған ерен еңбектерін жарыққа шығару әрбір қазақ азаматының парызы болып табылады. Алаш зиялыларының мұрасы, ескелең ұрпаққа Тәуелсіз Қазақстанның мәңгілік тарихында алтын өріппен жазылары хақ.

Сахнаға шыққан домбырашы жігіт (Нұрлыбек Баймұқанов) жанды дауыспен «Дариға дәурен» халық әнін орындады. Жан-дүниенді тебірентер әуенмен көрермендер алдында Абай Құнанбаев (Батыр Әбілмәжінов), Шоқан Уәлиханов (Дамыр Исмағамбетов), Мағжан Жұмабаев (Ғалымбек Нәби), Әлия Молдағұлова (Динара Сұрағанова), Сәбит Мұқанов (Медет Бекішев) есімді қазақ үшін тау тұлғалар шығып, өз туындыларын паш етіп, жазған хаттарын оқыды.

Содан соң, домбырашы жігіт халық әнін жалғастырып, жас бала (Снежанна Рамазанова) әр кейіпкерге қаратып, ағынан жарылды:

Ардақты Алаш ерлері,  
Тарихта қалған еңбегі.  
Өздерің алып келдіңдер,  
Тәуелсіздікті елдегі.  
Ардақты Алаш ұлдары,  
Саяси қуғын құрбаны,  
Есімнен қалай кетеді  
Кеңестің сонау жылдары.  
Алаш дегенің - Қыран құс,  
Бойыңда билеп мұнар күш,  
Еркіндік бізге сыйлаған,  
Ерлігің үшін мың алғыс!  
Алаш дегенің - Алып тау,

*Отпен ашпада аудандық Мәдениет үйінде «Туған жер – бірлік пен елдіктің бесігі» тақырыбында «Үздік ауылдық мәдениет мекемесі - 2025» атты облыстық көркемөнерпаздар байқауы өтті. Ғе-шара қатысушыларына ұйымдастырушылар «Тендесі жоқ тарихи жеңіс» атты кітаптар көрмесін ұсынып, кітапханашылар Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнай кітапханаға келіп түспес жаңа туындылармен таныстырды. Сондай-ақ бұл күні концерт-ке келушілер аудандық тарихи-өлкетану музейіндегі тарихи жәдігерлерден жағалған көрмені көріп, жас суретші Жарина Салманованың суреттерін тамашалады.*

Ұлт үшін құрбан болыпты-ау.  
Ал келешектің парызы,  
Алғыс айтудан жалықпа!  
Байрағың биік аспанда,  
Тұрғанда мүлде жасқанба.  
Біз дағы өсіп келеміз,  
Арта бер сенім жастарға!  
Қазақ батырларын сомдаған 5 оқушы (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп) Мемлекеттік туымызды аспанда қалықтатып, «Ханшайым» би тобы флешмоб биледі.

Еліне деген сүйіспеншілікті паш етіп, көрермендер алдында өнер көрсеткен ескелең ұрпақтың Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген махаббаты көрініп-ақ тұрды.

Өйткені адамның бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдегүрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриоттық құндылықтар тал бесіктен бойымызға сіңе бастайтыны анық.

Ұлттық киім киген қыздар құрметті қонақтар алдына тойбастар шығарып, естелік сыйлықтар мен концерттік бағдарлама буклеттерін таратты.

Бұл күнгі «Үздік ауылдық мәдениет мекемесі - 2025» облыстық байқауына облыстық халық шығармашылығы және мәдени-бос уақыт қызметі орталығының директоры Жанболат Мұқанов, оның орынбасары Сандуғаш Жоламанова, қазақ шығармашылығын дамыту бөлімінің басшысы Азина Темешова, жастардың ақындық-музыкалық шығармашылығын дамыту бөлімінің басшысы Жарқын Жұпархан, халық шығармашылығы

қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Индира Ержанқызы мен мәдени-демалыс жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Анастасия Кабанова мағжандық көркемөнерпаздардың өнеріне баға беріп, әділ қазылық етті.

Концерттік бағдарлама аясында Возвышенка ауылындағы «Аралағаш» шекара заставасының аға нұсқаушысы, кіші сержант Жақсылық Мирас, «Булаевцы Мағжановцы» халық хоры, көркемдік жетекшісі Сергей Кузьменко, Сарытомар ауылдық Мәдениет үйінің отбасылық ансамблі, Ақмарал Тұрсынбаева жетекшілік ететін «Ханшайым», «Искорка», «Балапан» би ұжымдары, Сулышоқ ауылдық демалыс орталығынан Қарлығаш Тақибәева, аудандық Мәдениет үйінің дуэти Әсел Баймолдина мен Динара Сұрағанова, аудандық Мәдениет үйінің әншісі Анна Иванченко мен аккомпаниатор Анастасия Грищенко, «Аманат» вокалдық тобы, көркемдік жетекшісі Нұрлыбек Баймұқанов, Анастасия Ларина жетекшілік ететін «Ассорти» би тобы, Бекет Қудайбергенов жетекшілік ететін «Legion Middles» би ұжымы мың бұрала би билеп, талантты өнерпаздар әннен шашу шашты.

Аталмыш облыстық байқау - шығармашылық жетістіктерді дәріптеу және мәдени-демалыс саласындағы бастамаларды қолдау, ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен жұмыс істеуді ынталандыру мақсатында жыл сайын облыстың ауылдық мәдениет мекемелері арасында өткізіледі.

Байқау соңында еділ-қазылар алқасының өкілі, «Мәдениет саласының үздігі» тесбелгісінің иегері Жанболат Мұқанов сөз сөйлеп, аудан көркемөнерпаздарының

өнеріне жоғары баға берді.  
- Бұл облыстық байқау мәдениет қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін анықтауға, кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған. Сондықтан біз аудан-ауданды аралап, көркемөнерпаздардың өнерлерін өз көзімізбен көреміз.

Мәселен, өткен жылы Есіл ауданы Явленка ауылындағы Мәдениет үйінің ұжымы үздік деп танылып, оларға автокөлік сыйға тартылды. Бұл өнер ұжымдарына үлкен мотивация деп ойлаймын. «Ел іші - өнер кеңіші» демекші, шынында да, облысымыздың елді мекендерінде нағыз дарын иелері жетерлік. Сондықтан іс-шараға қатысып, бақтарын сынап, өз өнерлерін ортаға салған барша мағжандық көркемөнерпаздарға шынайы алғысымызды білдіреміз, - деді Жанболат Темірболатұлы.

Өз кезегінде аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов облыс орталығынан келген құрметті меймандарға ризашылығын білдіріп, ауданда мәдениет мекемелері мен өнер ұжымдарын қолдауға үлкен көңіл бөлініп жатқанын тілге тиек етті.

- Құрметті әділ-қазылар алқасы, ауданның көркемөнерпаздары мен көрермендері!

Бүгін біз кезекті рет киелі Мағжан елінің әншілері мен бишілерінің өнеріне кәуе болдық. Концерт жоғары деңгейде өтті деп ойлаймын. Аудан әкімі Рахат Смағұловтың атынан баршаңызға осы бір айтулы шараға қатысып, көрерменпаздарға қолдау білдіргендеріңіз үшін алғысымызды жеткіземін.

Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымақтастығы мен татулығына сызат түспесін, мәдениетіміз бен өнеріміз үнемі дамып, елдің атын шығаратын өнер таланттары шыға берсін.

Әр мағжандыққа көктемгі көңіл-күй, жан жылыу, зор денсаулық, әл-ауқат пен бақырөке тілеймін, - деді Азамат Сайранұлы.

Иә, әдемі кештің куәсі болған көрерменнің ықыласы олардың көңілді жүздерінен көрініп-ақ тұрды. Сахнада өнер көрсеткен әрбір өнерпаз бар өнерін ортаға салып, ауданның намысын лайықты қорғады деп нық сеніммен айтуға болады. Ендеше, мамыр айында нәтижесі белгілі болатын облыстық байқаудан жақсы жаңалық күтетінімізге сеніміз мол.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
Кляйн Николай Юрьевич	Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31) 2-19-96 телефоны арқылы

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТтарының 2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
1	Рахметова Айзада Нұрланқызы	Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
2	Баранов Юрий Олегович	Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
